

Web of Science

Ведущий университет страны КазНУ им. аль-Фараби занял первое место среди научно-исследовательских организаций и вузов Казахстана по количеству опубликованных статей в рейтинговых изданиях с ненулевым импакт-фактором, индексируемых в международной базе данных «Web of Science» за последние 5 лет.

Science Leader
Web of Science Awards 2018

presented to
Al-Farabi Kazakh National University
in the category of
Publication Leader in Web of Science Core Collection in the last
five years among universities and scientific organizations
of the Republic of Kazakhstan
Oleg Utkin
Oleg Utkin
Head of Russia/CS,
Clarivate Analytics

September 20th, 2018 • Astana, Kazakhstan

Международная компания «Clarivate Analytics» провела торжественную церемонию вручения независимой награды «Лидер науки - Web of Science Awards», где за выдающийся вклад в развитие науки были отмечены авторы публикаций и научно-исследовательские организации Казахстана.

КазНУ им. аль-Фараби стал обладателем независимой награды в номинации «Лидер по количеству публикаций в Web of Science Core Collection» среди университетов и научных организаций страны.

Данная награда в очередной раз продемонстрировала лидирующие позиции КазНУ как ведущего центра науки, образования и инноваций, а также высокий уровень исследований и публикационную активность ученых университета в международных рейтинговых журналах. Количество цитирований публикаций ученых КазНУ ежегодно растет на 40%. Это результат системной работы по трансформации КазНУ в исследовательский университет мирового уровня, реализации политики интернационализации и интеграции в глобальное научно-образовательное пространство.

«Web of Science Core Collection» является ведущей базой данных научных изданий мира. В ней индексируются более 18 тыс. журналов, из которых более 12 тыс. имеют импакт-фактор.

ПРЕСС-СЛУЖБА

Білім беру
бағдарламасы
жаңаруда

ҚазҰУ «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында көптеген білім беру бағдарламасын енгізді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында білім саласын цифрландыруда алдыңғы қатарда келеді. Бұл туралы университет ректоры Ғалымқайыр Мұтанов есеп беру кездесуінде айтты.

ҚазҰУ әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне трансформациялану бағытымен мақсатты түрде айналысып келеді. Биылғы университет QS әлемнің ең үздік жоғары оқу орындары арасында халықаралық рейтингінде 220-орынға тұрақтады. Бұл рейтингке ТМД елдерінен ҚазҰУ мен Ломоносов атындағы ММУ ғана іліккен.

Ректор университет қызметінің бағыттары, жетістіктері және ғалымдар, оқытушылар мен студенттердің алдында тұрған стратегиялық міндеттер туралы баяндады.

ҚазҰУ халықаралық бәсекеге қабілеттілігін көтеру және әлемнің 200 үздік топ университеті құрамына ену мақсатында Президент тапсырмасын орындау жолында белсенді жұмыстар атқарылып жатыр.

Жалғасы 3-бетте

ҚазҰУ-да Астана халықаралық қаржы орталығының өкілдері экономика және бизнес жоғары мектебінің оқытушылар құрамы және студенттерімен кездесті.

Кездесуде исламдық қаржыландыру, исламдық экономика, «жасыл» қаржы және қаржы технологиялар саласындағы Қазақстан мамандарының кәсіби даму мен кадр әлеуеті мәселелерінің негізгі бағыттары талқыланды.

АХҚО басқарма мүшесі, басқарушы директор Ернұр Рысмағамбетов, АХҚО академиялық кеңес төрағасы, профессор Александр Ван де Пут, медиа-орталық бюросының басқарушысы Эльмира Сейдазимова тақырыпқа байланысты ойларын ортаға салды.

ҚазҰУ-дың оқу ісі жөніндегі проректоры Аскар Хикметов өз сөзінде қазіргі экономикада қаржы секторы үшін жоғары білікті кадрларды даярлау экономикалық өсудің негізгі факторларының бірі деп атап өтті. Исламдық қаржыландыру саласында жоғары білікті мамандарды даярлау және қайта даярлау үшін ҚазҰУ және АХҚО бірлесіп, исламдық қаржы ғылыми және білім беру орталығының жұмысын бастамақ.

АХҚО-ның басқарушы директоры Ернұр Рысмағамбетовтың айтуынша, болашақ мамандарды «Астана» Халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) негізіндегі үздіксіз кәсіптік дамыту бюросы дайындайды. Бұл орайда Шығыс Еуропаның және Сингапурдың қаржы орталықтарының дамуының жағымды тәжірибесі қызығушылық туғызады. Жалпы алғанда, қаржы секторы дамуының негізгі факторы адами капиталды дамыту болып табылады. Қаржы технологиясын дамыту тек осы салада емес, барлық салаларда инновация ортасын құруға көмектеседі деген пікір білдірді. Сондай-ақ, ол биылғы жылдың қазан айының басында әлемнің 80 елінің қатысуымен екінші рет инвесторлар аптасы (Investor week) өткізілетінін атап өтті. Осындай елеулі оқиға қарсаңында ҚазҰУ студенттері мен

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАҒЫТТАРЫ АНЫҚТАЛДЫ



магистранттарымен кездесудің маңыздылығына назар аударды. Профессор Александр Ван Де Пут студенттерге АХҚО және оның 200 халықаралық серіктес ұйымының базасында ақылы тағылымдамадан өту мүмкіндігі туралы айтты. Студенттер мен магистранттар 15 қазаннан 22 наурызға дейін үміткерлерді іріктеуге қатыса алады.

АХҚО бюросының медиа-орталығының басшысы Эльмира Сейдазимова ҚазҰУ-дың жоғары рейтингі мен берік ұстанымын, сонымен қатар тек елде емес, аймақта да жетекші университет болып табылатынын атап өтті. Университетті QS

әлемдік рейтингінде 220 орын алуымен құттықтады.

Кездесу қорытындысы бойынша бірлескен білім беру бағдарламаларын қалыптастыруда АХҚО-ның қатысуы, ҚазҰУ жанындағы исламдық қаржыландыру орталығының белсенді жұмысы, оқытушылар құрамын «trainer to trainer» бағдарламасы бойынша дайындау, халықаралық ұйымдарда тағылымдамадан өтетін студенттерге мүмкіндік беруде ынтымақтастық бағыттары анықталды.

Экономика және бизнес жоғары мектебі

КЕҢЕСКЕ ТОЛЫ
КЕЗЕКТІ МӘЖІЛІС

2-бет

КӘСІБИ
БАҒДАР БЕРУ

3-бет

СТУДЕНТТЕР
ЖАНАШЫРЫ

7-бет

РЕКТОРАТ

Кезекті ректорат мәжілісі университеттегі тәрбие жұмысы және студенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету тақырыбын талқылаудан бастады.

Мәжіліс барысында алғашқы болып сөз алған жағдаяттық басқару орталығы директорының орынбасары Ернар Оңалбеков бір ай көлеміндегі оқу үдерісі мониторингісінің нәтижелерін баяндап, ҚазҰУ академиялық саясатының негізгі ережелерін, студенттердің ар-намыс кодексін негізге ала отырып, қалашықтағы жағдайды уақтылы реттеп, университеттегі тәрбие жұмысын дамытудың негізгі бағыттары туралы сөз қозғады. Сондай-ақ ол алдағы уақытта аудиторияларды көбейтіп, бейнебақылау қондырғыларын кеңейтуді ұсынды.

Студенттік қалашық директоры Әбдіқаһар Сейітжанов университеттегі құқықбұзушылықтың алдын алу туралы хабарлама жасады. Ол өз сөзінде оқу жылының алғашқы күндерінен бастап бекітілген кестеге сәйкес деканат өкілдері бірінші курс студенттеріне ҚазҰУ жарғысын, ішкі тәртіп және жатақханада тұру ережелерін, ҚазҰУ-дың нормативті актілерімен таныстырылғанын мәлімдеді. Сондай-ақ ол қалашықтағы тәртіпті сақтап, құқық бұзушылықтың алдын алуда құқықтық тәртіп сақтау жасағы мен белсенді студенттердің рөлі зор екендігін атап өтті.

Шара соңында биология ғылымдарының кандидаты, биотехнология кафедрасының доценті міндетін атқарушы Нұрзия Ақмұханова мен заң ғылымдарының кандидаты Арайлым



Жанғабыловаға қауымдастырылған профес- сор (доцент) ғылыми атағын беру ұсынылып, бұл шешімді ректорат кеңесі бірауыздан мақұлдады. Сонымен қатар химия және химиялық технология факультетінің деканы- ның ауысуына байланысты бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев аталмыш лауазымда бірнеше жыл бойы аянбай еңбек еткен Ердос

Оңғарбаевқа алғыс білдіріп, алдағы еңбегіне жеміс тіледі. Ректорат мәжілісінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен әскери кафедраның басшысы Олег Ажимовте үлгілі қызметі үшін алғыс хатпен марапатталды.

Ақмарал ӘЛИЕВА

Атақты профессорлар дәріс өткізеді



Париж қаласындағы шығыс тілдері және өркениеттері ұлттық институтының профессорлары ҚазҰУ-ға келіп дәріс оқитын болады. Бұл туралы ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев аталған институттың өкілдерімен кездесу барысында айтты.

Бірінші проректор «ҚазҰУ білім сапасын жақсартуда әлемнің көптеген университеттерімен тығыз қарым-қатынас орнатады. Біздің студенттер шығыстану факультетінде әртүрлі шығыс тілін меңгеріп

білім алады. Олар осындағы біліммен ғана шектелмей ҚазҰУ-мен ынтымақтастық орнатқан шығыс елдеріндегі ЖОО- да арнайы бағдарламалар бойынша білімдерін шыңдайды. Осы ретте сіздердің

институттарыңызбен бірлесе сапалы маман дайындауда әртүрлі бағыттарды қолға алып, өзара байланысымызды бекемдейтін боламыз деген сенімдемін», — деді Мұхамбетқали Бүркітбаев.

«Париж қаласындағы шығыс тілдері және өркениеттері институты бүгінде 100-ге жуық әлем тілдерін оқытады. Шығыс тілдерін оқыту институтта өте жоғары деңгейде жүзеге асырылады. Тілдерді үйренуге қызығушылық танытқан студенттер зерттелген пәндер ретінде қытай, араб, жапон және басқа тілдерді тандауға мүмкіндік алады. Осылайша тағылымдама аясында студенттер кем дегенде екі тілді — француз және шығыс тілдерінің бірін меңгеріп шығады», — деді институт төрайымы Манюэль Франк. Сондай-ақ ол казак-француз халықтары арасындағы байланыстар туралы айтып, ҚазҰУ-мен институт арасында әріптестік орнатуға дайын екендігін жеткізді.

Кездесуде тараптар білім беру ордалары арасындағы академиялық ұтқырлық, студенттік алмасу, оқытушы профессорлар құрамының дәріс оқуы, қос диплом, бірлескен жобалар әзірлеу бағыттарын талқыға салып, болашақта осы бағыттар бойынша ҚазҰУ-мен арадағы ынтымақтастық орнату қажеттігіне баса назар аударды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

ҚазҰУ-да Алматы қаласының құқық қорғау органдары мен қалалық медициналық әлеуметтік түзеу жөніндегі наркоорталықтың қызметкерлері есірткіге қарсы түсіндірме шараларын өткізді.

Нашақорлық бүгінде адамзатты аландататын әлемдік деңгейдегі мәселелердің бірі. Осы дертпен күресу мақсатында Алматы қаласы құқық қорғау органдарының арнайы өкілдері ҚазҰУ жастарына оның зияны мен адам өміріне қауіптілігі жайлы толыққанды ақпаратпен бөлісті.

Бірінші болып сөз алған қалалық наркоорталықтың арнайы қызметкері Любушкин Алексей «Қазіргі таңда әлемде бұл дертке көп жағдайда жастар мен жасөспірімдер шалдығып жатады. Олардың басым көпшілігі есірткінің синтетикалық түріне әуестеніп, өлімнің не екенін терең түсінбейтін жаста



есірткіге ұрынады. Нашаның бұл түрлері адам ағзасын толықтай жойып, жас ағзаны зақымдайды. Оны бір пайдаланып көрген

адам оған тікелей тәуелділікті сезінеді. Өмірін жана бастаған жастар үшін бұл бар ғұмырының құрдымға кетуімен пара пар. Сондықтан да бұл дерттен дер кезінде бас тартып, есірткіге елікпей салауатты өмір салтын ұстаныңыз», — дейді Любушкин Алексей. Сондай-ақ ол жастарға нашақорлықтың зияны, оның адам ағзасына тигізер зардабынан бөлек, есірткі қылмысын жасағандарға қатысты қолданылатын жаза түрлері жөнінде де ескертіп, жастарды есірткіге бейім болмауға шақырды. Шара барысында студенттер есірткі нашақорлығымен күрес және оның алдын алудың түрлері мен зардабы туралы толық мағлұмат алып, шара соны студенттер мен арнайы мамандар арасындағы ашық әңгімеге ұласты.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

QYSQA-NUSQA

Ál-Farabı atyndaǵy Qazaq ulttyq ʔnıversitetiniń shyǵystanʔ fakʔltetinde Kochı ʔnıversitetiniń professory Inoʔe myrza Qıyr Shyǵys kafedrasynyń stʔdentteri men magistranttaryna arnaıy ashyq dʔris ʔtkizdi.

Dʔris barysynda stʔdentter japon mʔdenietı tʔraly kʔptegen maǵlumat alyp, japon qalalary, kʔrikti jerleri jʔne turmysymen tolyqtai tanysty. Sonymen qatar Inoʔe myrza Japonıanyń keibir klımattyq jʔne landshaftyq ereksheликтері, Japonıadaǵy eń tanyمال tʔristik orındar, taǵamdary men tarihi eskertkishteri tʔraly da qyzyqty aqparattar berdi. Stʔdentter Japonia men Qazaqstandaǵy bilim jʔuesin salystyrʔ mʔmkindigine ie boldy. Osy jyly Kochı ʔnıversitetimen ǵylym jʔne bilim salasyn-da yntymaqtastyq tʔraly kelisimshart ornatylǵandyqtan, Kochı ʔnıversitetinde stʔdentter almasʔ baǵdarlamasy arqyly oqʔ mʔmkindikteri jaily da aityldy.

Ál-Farabı atyndaǵy QazUʔ-da Qarttar kʔni merekesine oraı eńbegi eren, ʔmiri ʔlgi, aldyńǵy aǵa bʔyn ardaqty qarttar qaʔymy men jastardyn kezdesʔi ʔtti.

Atalmysh saltanatty shara Elbasynyń «Rʔhanı jańǵyrʔ» baǵdarlamasynyń aiasyn-da ʔtti. Qazaq halqy «Qarty bar ʔidiń qazynasy bar» dep qaralarymyzdy erekshe qurmettegen. Olardyń ʔnegeli ʔmiri, taǵylymdy, mʔni tereń ʔr – bir sʔzderi urpaqqa ʔrqashan da amanat bolyp qalatyny aqiqat. Osy oraıda talai jasty tʔrbielep, ʔskeleń urpaqqa ʔlgi-ʔnege bola bilgen qazynalarymyzdy atalmysh merekesimen quttyqtap, ʔnege qylyp jınaǵan aqyl-keńesterin jastarǵa aıtyp baǵyt-baǵdar berʔ maqsatynda ʔtken kezdesʔ ʔte ʔserli ʔtti.

Bul kezdesʔ buryńǵydan ʔzgerek bolyp, jastar men aǵa bʔynnyń arasynda dialog retinde ʔrbidi. Bir-birlerimen pikir almasa otyryp, ʔzderin oilandyrǵan kʔptegen suraqtaryna jaʔap ta aldy. Sonymen qatar stʔdentter qaʔymy qazynaly qarttarymyzǵa kʔnbirlete kʔi tʔgip, arnaʔlaryn arnady. ʔz kezeginde abyз aqsaqaldarymyz da jastarmen eskirmegen esti ʔnderdi qosyla shyрqap, kʔterińki kʔnil-kʔnde jinalǵan kʔpshilik qaʔymǵa aq batalaryn berdi.

QazUʔ-dyn zań fakʔltetiniń qylmystyq quqyq, qylmystyq is jʔrgizʔ jʔne kriminalistika kafedrasy, M. Áyezov atyndaǵy ʔntʔstik Qazaqstan Memlekettik ʔnıversiteti, zań jʔne halyqaralyq qatynastar, qylmystyq prosess jʔne kriminalistika kafedralarynyń 4 kʔrs stʔdentteri arasynda «Rʔhanı jańǵyrʔ» jobasy aiasyn-da «Daktiloskopıalyq jʔne genomdyq tirkeʔ tʔraly» Qazaqstan Respʔblikasynyń Zańyn talqylaʔ boıynsha onlain-seminar ʔtedi.



«Мен жастарға сенемін!» форумы бойынша материалдарды қабылдау 10 қарашаға дейін жалғасады

Жалғасы. Басы 1-бетте

Университет оқу бағдарламаларының 90%-ы халықаралық аккредитациялық агенттіктердің аккредитациясынан сәтті өтті. Бірнеше оқу бағдарламалары «EUR-ACE® Label» еуропалық сапа белгісін иеленген. ҚазҰУ қос диплом бойынша шетелдік жетекші жоғары оқу орындарымен 70-тен аса бағдарламаны жүзеге асырып отырған жалғыз университет, — деді ҚазҰУ ректоры.

Экономиканы жаңғырту және өндіріске мамандарды даярлауға бағытталған 4.0 мемлекеттік даму бағдарламасы аясында осы оқу жылында ҚазҰУ-да «Е-коммерция», «Сандық лингвистика», BIG DATA, «Жасанды интеллект», «Геоинформатика», «Интернет бұйым», «Биоинформатика» және тағы басқа жана білім беру бағдарламалары енгізілді. Сонымен қатар АХҚО және Бенхалиф Университетімен(Катар) бірлесе ислам қаржысы және банкинг бойынша бағдарламалар ойластырылып жатыр. Ағылшын тілінде 162 мамандық оқытылады.

Ірі жоғарытехнологиялы корпорациялар



университеттің зерттеу және білім беру жұмыстарын бірлесе атқаруға ниет білдірді. ҚазҰУ-да Hewlett-Packard, Cisco, Konica Minolta, Fujitsu, Samsung, Alcatel, Microsoft,

«Касперский зертханасы», Huawei, SAP және тағы басқа әлемдік компаниялардың 16 ғылыми-білім беру орталықтары құрылды.

Ғалымқайыр Мұтанов халыққа есеп беру

барысында Алматы тұрғындары мен БАҚ өкілдерінің, оқытушылардың, студенттердің және ата-аналардың сұрақтарына жауап берді.

Өз тілшімізден

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының ұйымдастыруымен танымал журналист «Жүрек, жігер және ниет болса...» атты кітаптың авторы Гүлнәр Бажкеновамен кездесу өтті.

Тағлымды кездесу



Шараға кафедра менгерушісі Гүлнәр Насимова, белгілі саясаттанушы Досым Сәтпаев және де оқытушылар мен магистранттар қатысты. Кездесу барысында Гүлнәр Бажкенова тілші ретіндегі еңбек жолының қалай бастау алғаны туралы айтып, қазіргі заманауи журналистика туралы өз пікірімен бөлісті.

Сонымен қатар қоғамымызда үлкен талқыға түсіп көпшіліктің назарын аударған «Жүрек, жігер және ниет болса...» атты кітаптың жазылу тарихы туралы баяндап берді. Сорос-Қазақстан Қорының қолдауымен басылып шыққан кітапта еліміздің алыс-шалғай аймақтарындағы өз ерекшеліктеріне байланысты мектепке барып білім ала алмайтын балалар мен олардың ата-аналары, ұстаздары және азаматтық белсенділер туралы жазылған. Сонымен қатар кітапта инклюзивті білім беру саласындағы мәселелер туралы да баяндалған.

«Менің кітап жазу барысындағы мақсатым нақты адамның өмірін көрсеткім келді. Олар кімдер, нені армандайды, қандай көмекке мұқтаж екендігін баяндағым келді. Біздің қоғам ерекше балалардың өмірімен танысып, елімізде қандай мәселе бар екенін білуі керек. Өйткені олар біздің айнамыз, біздің бір бөлшегіміз. Атырау, Құлсары, Астана, Көкшетау, Қызылорда, Қазалы, Түркістан, Орал қалаларында болып көптеген адамдармен сөйлестім, қандай қажеттіліктер керек екендігімен таныстым. Инклюзивті білім беру дегеніміз ерекше балалардың барлығымен бірге бір мектепте бір сыныпта білім алуы. Ал алыс-шалғай өңірлерде ондай мектептің

болмағаны былай тұрсын ата-аналар өз балаларының ерекше екендігінен ұялып үйде тығып ұстайды. Ол баланың жан-дүниесінде не болып жатқандығымен ешкімнің жұмысы жоқ. Мүмкін ол бала мектепке барып сабақ оқығысы келетін шығар, басқа балалар сияқты аулада асыр салып ойнағысы келетін шығар. Иә жаның ауырады.... Бірақ бұл қоғамымызда орын алып жатқан оқиғалар. Ал бұны өзгертуге тек сіз бен біз ғана ықпал ете аламыз. Әрине өңірлерді аралау барысында мен балаларын шынында да оқытқысы келетін және де дәл осындай ерекше балаларға білім бергісі келетін педагогтардың бар екенін көріп өте қатты қуандым», — деді Г. Бажкенова.

«Жүрек, жігер және ниет болса...» атты кітап шынында да өз оқырманын тауып ғана қоймай барлығымызды ойландырған көкірек көзімізді ашып, ерекше балалар мен инклюзивті білім беру саласына ерекше әрі терен қарауға себепші болды.

Аталмыш кітаптың жазылу тарихы жиналған қауымды бей-жай қалдырмады. Оқытушылар мен магистранттар инклюзивті білім беру бойынша тың ақпараттарды естіп өздерін ойландырған сұрақтарына жауап алды.

Сонымен қатар кездесу соңында Гүлнәр Бажкенова Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасындағы «Саяси зерттеулердің ақпараттық орталығы» кітапханасына «Жүрек, жігер және ниет болса...» атты кітабын тарту етті.

Ж. БАСЫҒАРИЕВА,
саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының аға оқытушысы

КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ



Japan Foundation гранты, «Sakura Network» бағдарламасы аясында оқушыларға мамандық таңдауға жәрдемдесу мақсатымен Қиыр Шығыс кафедрасы Тараз, Талдықорған қалаларының мектептерінде кәсіби бағдар беру жұмысын жүргізіп қайтты.

Қиыр Шығыс кафедрасы халықаралық қорымен бірлесе (Japan Foundation) 3 жыл қатарынан кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізіп келеді. Жапонтану бөліміне түсетін студенттер санының жыл сайын көбеюі бұл жұмыстардың нәтижелі жүргізіліп жатқанына дәлел бола алады. 2018-2019 оқу жылында студенттер саны 24-ке жетіп, олардың көпшілігі Қазақстанның түпкір-түпкірінен оқуға тартылған. Бұл жұмысқа халықаралық жапон қорының маманы PhD докторы Ониши Юми мен Қиыр Шығыс кафедрасының ассистенті Д.С. Байсеитова қатысты.

Кәсіби бағдар беру жұмысына 200-ден астам оқушы қатысып, олар жапон тілі мен мәдениеті, тарихы және қазіргі шығыс елінің

келбетімен толықтай танысты. Толық мағлұмат алған жоғары сынып оқушыларын Жапония үкіметі тарапынан берілетін білім гранттары мен шәкіртақылар қатты қызықтырды. ҚазҰУ оқытушылары ҚазҰУ Жапонияның Васеда университеті, Цукуба университеті, Хоккайдо, Сайтама және Токио шет тілдері университеттерімен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатқандықтарын айтты. Шара соңында Қиыр Шығыс кафедрасы мен оның оқытушылары, студенттік өмір жайлы 2 бейнефильм көрсетіліп, жапонтану бөлімінде оқуға қызығушылық танытқан оқушыларға Қиыр Шығыс кафедрасының арнайы буклеттері ұсынылды.

Қиыр Шығыс кафедрасы

ҮШ ҚАЛАМГЕРГЕ АРНАЛҒАН КЕШ

Қазақтың үш бірдей қаламгері Мұхтар Әуезов, Шерхан Мұртаза, Оралхан Бөкеевтердің туған күні бір күнде болуы шынында да, біз үшін ерекше жаңалық болды десем артық емес. Бұл жөнінде біз әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетіндегі «Көкжиек» клубының ұйымдастыруымен «Парасатқа тағзым» атты дәстүрлі әдеби-танымдық кеште білдік.

Ұстаз-ғалым Мұсалы Ләйла апайдың «Бұл күн қазақ әдебиеті үшін бақытты күн. Бұл қаламгерлердің қазақ әдебиетінің тарихында орны ерекше. Үшеуінің туған күні де бір күнде болуы да кездейсоқ емес деп санаймыз, бұл да бір дәстүр жалғастығының бір көрінісі. Көркем сөздің қадірін ұғатын сіздер сияқты жастардың үш қаламгерден үйренері көп» деген сөздері бізге ой салды.

Бұл кеш әрбір әдебиет сүйер жанға көп пайдасын берер өнегелі жиын болды. ҚазҰУ студенттері өз жұмыстарын жақсы қорғап шықты. Алтаева Әнел, Тұрсынғали Нұрасыл, Игілік Сабина, Асылханқызы Ааяжан, Жұмабике, Абай сияқты талантты студенттердің

талдаған шығармаларын біз қызыға тыңдадық. Әсіресе, I курс студенті Біләзов Ертайдың «үш қаламгер туралы» ой-пікірлері көрерменге өте ұнады. «Абай жолын» жан-жақты талдап, өзі сүйіп оқитын романның қысқаша мазмұнын жеке дәптеріне жазып жүрген Ертайдың еңбекқорлығы жоғары бағаланды.

Осындай студенттерді көргенде әдебиетіміздің әлі-ақ биікке шарықтайтынына көзін жетеді. Кештен ұмытылмастай әсер алып, рухани азыққа бір кенеліп қалдық.

Шалқар СӘДУАҚАС,
студент

ИНИЦИАТИВА «ОДИН ПОЯС ПОЯС – ОДИН ПУТЬ»



Инициатива «Пояс и путь» открывает совершенно новые возможности, которые надо использовать. Об этом заявил на днях в эксклюзивном интервью корр. Синьхуа директор Международного исследовательского центра «Пояс и путь» при Казахском национальном университете имени аль-Фараби Даурен Дюсебаев.

По словам казахстанского эксперта, в этом году исполняется 5 лет со дня провозглашения инициативы «Пояс и путь». Очень символично, что председатель КНР Си Цзиньпин впервые озвучил именно эту инициативу в Астане.

Эксперт отметил, что за 5 лет сделано очень много, особенно в экономической сфере. Взаимовыгодное сотрудничество расширяется, Казахстан является стратегическим партнером Китая в реализации этого проекта. Это глобальный проект, поскольку в нем участвуют более 60 стран и он открывает совершенно новые возможности, которые надо использовать. Это и транзит, и развитие инфраструктуры, культурные и гуманитарные обмены, научно-образовательная сфера.

Д. Дюсебаев отметил, что нельзя забывать, что проекты в экономике реализуют люди, в связи с этим требуются высококвалифицированные кадры, и в этом большую роль играют университеты. В этом году в Казахском национальном университете имени аль-Фараби открылся Центр «Пояс и путь». Центр занимается вопросами реализации этой программы с научной и образовательной точек зрения. Этот центр осуществляет совместные проекты с Китаем. В частности, сотрудничает с более 20 научными центрами и университетами Китая, реализуя несколько совместных программ.

Как сообщил эксперт из Казахстана, в прошлом году этот центр провел образовательную выставку, ряд международных практических конференций, посвященных «Поясу и пути», реализации этого мега-проекта, реализации программы «Нурлы жол» /"Светлый

путь"/, поскольку эти две программы должны взаимодополнять друг друга.

Д. Дюсебаев отметил, что сегодня необходимо решить очень много вопросов, чтобы этот проект успешно развивался и дальше. Это вопросы обеспечения безопасности как на морском, так и сухопутном путях, это обеспечение кадровым потенциалом, и развитие культурно-образовательной сферы, это новые пути экономического сотрудничества, развитие торговли, логистики.

В последние годы очень много делается для реализации инициативы «Пояс и путь», заявил Д. Дюсебаев. Казахстан успешно

участвует в этой программе. В Ляньюньгане построен совместный китайско-казахстанский логистический центр. Построена транзитная дорога через Казахстан из Китая в Европу, в результате чего сокращено время транспортировки товаров.

По мнению Д. Дюсебаева, нужно развивать туризм стран вдоль древнего Шелкового пути, так как туризм — это своего рода народная дипломатия, и с его помощью население стран вдоль «Пояса и пути» будет больше узнавать друг о друге, понимать культуру и традиции. Тогда те или иные проблемные вопросы, которые возникают при мега-проектах, будут

решаться быстрее.

Кроме того, отметил эксперт, в реализации инициативы «Пояс и путь» должны принимать активное участие и журналисты, чтобы выходили публикации, которые разъясняли эту программу, ее цель, дальнейшие перспективы и выгоды. С помощью СМИ населению необходимо показывать и разъяснять успехи в экономической, дипломатической, образовательной сферах в результате реализации инициативы «Пояс и путь».

ИА «СИНЬХУА»,
КНР

ҚХР-ДЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 69 ЖЫЛ

Шығыстану факультеті қытайтану кафедрасы мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Конфуций институтының ұйымдастыруымен Қытай Халық Республикасының құрылғанына 69 жыл толуына орай және әлемдік Конфуций институты күніне арналған салтанатты кеш өтті.



Кешке халықаралық бағдарламалар орталығының директоры Ж.О. Абдиман, ҚазҰУ жанындағы Конфуций институтының директоры Р.Ө. Асылбеков, Қытай Халық Республикасының Алматы қаласындағы бас консулдың орынбасары Гуо Синьчао, «Бірлік» Қытай ұлттық мәдени орталығының басқарма мүшесі Ню Юй Чин, Қытай Халық Республикасының Алматы қаласындағы бас консулдың мәдениет және оқу-ағарту ісі бойынша вице-консулы Ван Циньпин және факультет декандары қатысты.

Салтанатты кешті әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық бағдарламалар орталығының директоры Ж.О. Абдиман Қытай Халық Республикасының құрылғанына 69 жыл

толуымен құттықтап, екі ел әріптестігі жөнінде айтты. Қытай Халық Республикасының Алматы қаласындағы бас консулдыңының орынбасары Гуо Синьчао шығыстану факультетінде қытай тілін оқытудағы ерекшелікті атап өтіп, ұйымдастырушыларға Қытай Халық Республикасының Алматы қаласындағы бас консулдыңының атынан үлкен алғыс білдірді. Сондай-ақ салтанатты кеште ҚазҰУ жастары, Халықаралық Қазақ-Қытай тіл колледжінің оқушылары мен Абай атындағы ҚазҰПУ студенттері өнер көрсетті. Студенттер қазақ, қытай, ағылшын тілдерінде ән шырқап, би билеп, арнайы қойылымдар көрсетті.

Қытайтану кафедрасы

Тарих, археология және этнология факультетінде «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігі «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Тарихтан тағылым» жобасы негізінде 1932-1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарын еске алуға арналған кездесу өтті.

«ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ»

Кездесу барысында тарих ғылымдарының докторы, белгілі саясаттанушы Әзімбай Ғали ашаршылық мәселесіне әлі күнге дейін құқықтық баға берілмей жатқанына кынжылыс білдірді. Оның айтуынша: «Армян геноциді», «Холокост қырғыны» сияқты қазақ қырғыны да әлемдік деңгейде талқылануы қажет. Зұлмат жылдарында қазақ халқы ең аз дегенде 55 пайызынан айырылды. Біздің көрген қасіретіміз еврейлер мен армяндардан бір елі кем емес. Сондықтан ашаршылықты геноцид ретінде мойындайтын уақыт жеткен», — деді Әзімбай Ғали. Сондай-ақ ол «Тарих деген — ғылым. Тарихта мейлінше шындық болуы керек, бірақ біздің бұрынғы шындықтар бұрмаланған. Батыстың көзқарасында тарих деген өнер. Яғни жазылуына байланысты өнер деңгейіне түсіп кеткен. Бұл объективті реалдылықтың ғылыми

деңгейін сипаттау. Сондықтан, өскелең ұрпақ, сіздерді, объективті, шынайы тарихты жазады деген үлкен сенімім бар», — деп саясаттанушы жастарға үлкен үміт артатынын білдірді. Сондай-ақ шара аясында қатысушылар Кеңес Одағы кезіндегі Қазақстан жерінде болған ашаршылық құрбандарын, олардың тарихын, ұлт зиялыларының ел мүддесі үшін күресін, сол кезеңдегі тарихи шындықтың бетін ашу, еліміздегі ғалымдардың, зерттеушілердің талдаулары мен ой-пікірлері, сондай-ақ аталған нәубеттердің залалы жөнінде өз ойларымен бөлісті. Кездесуде студенттер тарапынан біршама сұрақтар қойылып, шара еркін пікір-алмасуға ұласты.

А. ДҮЙСЕБАЕВА,
тарих, археология және этнология
факультеті оқытушысы



ҚазҰУ-да студент, магистрант және докторанттарға арналған «Тұрақты дамудың негіздері» атты ашық дәріс бірінші семестр бойы жалғасатын болады

Бүгінгі таңда ғылымдардың ғылымы, руханияттың парасатты бастауы саналған философия ілімі туралы әр қилы тартысты көзқарастар жүйесі бар. Осындай пікірталастар философия ғылымы мен философ болмысын сараптауды талап етеді.

Философия тарихының бастауынан-ақ қалыптасқан «Философия дегеніміз не?» деген сауал 2500 жылдай уақыт философиялық дискурс аясында маңызды сауал ретінде бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан, нақты жауабы ұсынылмаған маңызды түйткілдердің бірі екендігі сөзсіз. Шындығында, бұл сауалдың түп-төркіні «философ дегеніміз кім?» деген сұрақтан басталуы тиіс немесе онымен астасып жатқандығы күмәнсіз.

Себебі, философияны тек философ немесе философиялық ой толғайтын рухани тұлғалар ғана жасайды және сол арқылы ол да белгілі бір жағдайда философиялық деңгейге көтеріледі. Сондықтан философиялық ой түйген тұлғаның осылайша өзіндік болмысы айшықталады.

Ал, философиялық деңгей дегеніміз — бойына ерекше қасиеттерді сіңірге білген, ойы өзгелерден тәлғамалылығымен ерекшеленетін, бүкіл мәдениетті квинтэссенциялық тұрғыда сараптай білген тұлғаның бітім-болмысы арқылы көрініс табады.

Егер де, сол философиялық мазмұнды қамтитын идея, құбылыс, табиғаттың мәні өздігінен-ақ, ішкі мағынасы жөнінен «философиялық» болатын болса, ол нақты дәйектеліп, талданып, сарапталып, философиялық деңгейге көтеріліп, қоғамдық сана оны сондай дәрежеде бағалаған болса, оның субъектісі — философ болып шығады, сондықтан, бәрінің әу-бастан сол тұлғаның философиялық деңгейде ойтолғай алатындығы түсінікті жайт. Ал философ болмаса, бастапқы идеяның философиялық мағынасы да ашылмайды, демек, философ, сайып келгенде, бүкіл рухани және материалдық болмысқа философиялық мағына енгізуші (енгізуге ұмтылушы) немесе сол мағынаны философиялық деңгейде ашушы болып шығады.

Бұл сауалды тек философ қана сараптай алады, (яғни, мәселе тек философияға ғана тағайындалғандықтан деп есептейік), әуелі сол философтардың, аталған түйткіл аясында ортақ бір жалпылама идеяға тоғысатындығы сөзсіз болғандықтан, «философия дегеніміз не?» деген дискурсты философтың өзінің ішкі болмысын зерделеуден туындату рефлексиясы да нақты нәтижелер бере алады.

Антикалық ойшыл Протагор ілімінен бастау алатын «адам барлық заттардың өлшемі» деген қағиданы аналогиялық тұрғыда, «философ философияның өлшемі» деген феноменологиялық ұстанымды байыптай аламыз. Ендеше, философ, тұтас дүниетанымның, философиялық білімдердің өлшеміне айналады. Демек, философ үшін сол философиялық мәселелердің қойылуы, ұсынылуы, «шешілуі» басқа мәселелері екіншіге айналады.

Философиялық мәселелерді ұсынып отырған философ болғандықтан, «мұндай мәселелердің қойылуының мәні неде, ол қалай шешімін табады» деген сауалды ашу — алдымен, сол философтың өзінің жан-дүниесіне үңілуі қажет етеді. Ең басты мәселе — осы. Сайып келгенде, бұндай басты мәселені ашу, тек философияны ғана емес, жалпы дүниетаным мен адамзаттың руханияттық ой аймағының, әлемнің онтологиялық қыр-сырының, тұтастай тарихи-рухани таным жолының т.б. тұпмағынасын ашуға келіп тірелгендіктен, арнайы зерделеуге тұратын іргелі бағдар ретінде құптауымызға болады.

Философ қоғамдық санада көп жағдайда өзіндік бір ерекше болмысы бар, өзге үшін трансцендентальді феномен ретінде қабылданады. Өйткені, ол қоғамдық нормаларға сіңірілген қасан стереотиптер мен қалыпты ойлау машығынан теориялық-практикалық түрде алшақтай алады. Ал қабілетіне байланысты

философтардың ой еркіндігі аланы өзгелер үшін үш тарапта бағаланады: біріншісі, онды — терең шығармашылық құндылыққа ие, көрегенділік танымды меңгерген, түсінуге, ұмтылуға тиіс идеалдарды жасай алатын тұлға, экзотикалық иірімнің иесі, асқақтаған идеяларды тудырушы т.б.

«Философ дегеніміз кім?» деген мәселенің қойылуының өзі философ және философ еместер үшін ортақ болғанмен, философты ашу, оның болмысына үңілу ерікті-еріксіз түрде өздігінен-ақ философиялық мәселе болып шығады. Сондықтан бұл ахуалмен тек философ қана шұғылданатын интроспекциялық таза рефлексияға өтеді.

Себебі, «философтың философиясын философиялық емес тұрғыдан пайымдаудың жолы жоқ» деп кесімді пікір айтуымызға болады. Бұл мәселені философ емес адам талқыламайды, ал философтың қаншама мәрте философиялық емес тұрғыдан пайымдаулары бәрібір өздігінен-ақ философиялық болып шығады, себебі, қойылған мәселеге философиялық ойтаным өздігінен-ақ сіңірілген. Философия тарихында философия ілімі Рух, Руханилық, Руханият ұғымдарынан тыс бола алмайтындығын көрсетіп берді.

Руханилықтың негізінде Рух ұғымы жатады. Рух концептісін әрбір ойшыл өз деңгейінде талдап, ойталқысына салып жүр. Оны философиялық тұрғыдан да талдауға және өмірнамалық деңгейде де сараптауға болады. Кең таралған пікірлер аясында бұл ұғым екі мағынада қолданылады, біріншісі, рухтан құбылысы арқылы анығырық ұғынылса, екіншісі, жан, сана, ішкі дүние сияқты түсініктермен шартталады.

Рухтың табиғи-биологиялық негізден бастау алатын психологиялық сапа екендігін ескерсек, Рух — ұжымдық және жеке, интуитивті байыпталатын және табиғаты жөнінен иррационалды құбылыс. Сондықтан, Рух түпкі субстраттық болатын болса, руханилық оның саналы жоғары деңгейіндегі туынды. Рух жоғалып та кетпейді, өшіп те қалмайды, ол тәжірибе арқылы қайтадан туындаудың, өзін-өзі қайта ашудың, жана белеске көтерілудің ұмтылысын жасайды.

Руханилық — адамзат қоғамымен бірге жасасып келе жатқан, жаңарып отыратын іргелі және ауқымды құбылыс. Дегенмен, оны түсіндірушілердің кейбірі, оны тек қана моральмен шектесе, әлдебір көзқарастар өнер мен білім, ғылым мен саясат деп түсінеді. Шындығында, руханилық — адамзат танымындағы идеялардың, тұтасымен алғанда, қоғамдық өмірдің рухани-мәдени саласын құрайтын тарихи-әлеуметтік үдеріс.

Сондықтан, Елбасы ұсынған рухани жаңғыру саясаты да осындай ауқымды мәселелер кеңістігін қамтиды. Рухани кеңістік, кейбір философтардың пікірінше, объективті өмір сүретін реалдылық болып табылады. Мәселен, А. Шопенгауэр мәдениетті мың жылдай өмір сүретін, кейіннен, өркениетке орын беретін тірі ағза ретінде бейнелеген болса, В.И. Вернадский сынды ойшылдар ақыл-ойды объективті ғарыштық жеке аймақ ретінде қарастырады. Руханилық — адамзаттың материалдық қажеттіліктері сияқты сұранып тұрған тіршілік студің ерекше бір формасы. Психолог Р. Маслоу да өзінің қажеттіліктер иерархиясында осы феноменді жоғары сатыға орналастырған болатын.

Осылайша, руханилық қашанда қоғам өміріндегі құндылықтардан өзіндік орнын айшықтайтын адам санасының атрибуты екендігін терең түйсінген отандық философиямыз Нұрмұратов Серік Есентайұлы бүгін өзінің мерейтойын атап өткелі отыр. Есентайұлы Серік философия ғылымын

өзіне серік етіп алып, ең басты философиялық мәселе адамның рухани әлемі екендігі туралы тұжырымға еледі. А. Камю ең басты философиялық мәселе: «Өмір сүруге тұрарлық па? Өмір мағынасы», ал постмодернистер: «Өмір хаос» т.б. деген тұжырымға келсе, С. Нұрмұратов өмірдің құндылығын руханилықтан таба білді, сөйтіп, «Рух әлемімен» өзінің шығармашылық идеяларын үндестіре алды.

Серік Есентайұлы Қызылорда облысының Жалағаш қыстағында 1958 жылдың 5 қазанында өмірге келді. Қызылорда облысының Қармақшы ауданының Қармақшы совхозындағы № 113 орта мектебін алтын медальмен 1975 жылы бітіріп, 1976-1981 жылдар аралығында С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ф и л о с о ф и я - э к о н о м и к а факультетінің философия мамандығын тәмамдағаннан кейін, студент шағындағы ғылымға деген ұмтылысы мен шабытын әрі қарай жалғастыруды мақсат етті. Дәріс берген ұстаздары да оның ғылымға деген шығармашылық ойларын жоғары бағалады. Бұл азаматтың сезіну қабілеті де терең мәнді. Мәселен, пікірлесе қалсаңыз, ол сіздің не ойлап отырғаныңызды және нені қалап отырғандыңызды алдын ала сезіп отыратын қабілеті бар, сонымен қатар, сол сәтте сіздің мұқтажықтыңыңызға оңтайлы жауап іздеп отырады, кіршіксіз ақыл кеңесін дайындап тұрады.

С. Нұрмұратов өзінің шығармашылыққа толы еңбек өмірбаянын еліміздің жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында дәріс беруге және ғылыми зерттеулер жүргізуге толықтай арнайды. Өзінің шығармашылыққа толы еңбек жолын 1981-1985 жылдары Шымкент қаласындағы Қазақтың химия-технология институтында қызмет етуден бастады, содан кейін 1985-1988 жылдары аралығында Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институтындағы философия мамандығы бойынша күндізгі аспирантурада оқиды.

Аспирантураны аяқтаған соң 1988 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін алдымен Қазақстанның Ұлттық Ғылым Академиясының Философия институтында ғылыми қызметкер лауазымынан бастайды, содан кейін өзінің ресми мәртебесін өзгерткен ҚР БҒМ Ғылым Комитеті философия, саясаттану және дінтану институтында ғылыми зерттеулермен айналысады және қазіргі кезеңде 30 жылдай қызмет атқарған осы ғылыми мекемеде директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары деген лауазымға дейін қызметтерді атқарып келеді.

Ол Қ. Шүлембаевтың ғылыми жетекшілігімен «Қоғамдық пікірдің адамның дүниетанымының қалыптасуына әсері» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғайды.

Серік Есентайұлы «Рухани құндылықтардың қалыптасуы мен дамуы: әлеуметтік-философиялық талдау» деген тақырыпта әлеуметтік философия мамандығы бойынша Институттың Диссертациялық кеңесінде докторлық диссертациясын қорғайды.

С.Е. Нұрмұратовтың өзінің 300-ден аса макалалары мен жеке монографиялары қазіргі таңда отандық философия қауымы қызығушылықпен оқитын тамаша туындылар қатарына еніп отыр



Ол «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 5 томның құрастырушысы, «Мәшһүр Жүсіп Көпеевке» арналған «Ұлы дала тұлғалары» сериясымен шыққан еңбектің, «Философиялық энциклопедиялық сөздіктің» авторларының бірі.

Серік Есентайұлы 2 ғылым докторын, 5 ғылым кандидатын, 1 PhD докторына жетекшілік жасап, ұстаздарының алдында өзінің талантты ғалым екендігін дәлелдеген болатын. Рухани тақырып бойынша зерттеу еңбектерін ол өмір тәжірибесінде қолданып, өзінің моральдік келбетін үнемі баршаға паш етіп өмір сүру мақсатын қойған еді. Ғалым өз ілімін Қазақстанның әрбір оқу орындарында, оның ішінде, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде де насихаттап жүр.

Бүгінгі таңда Нұрмұратов Серік Есентайұлының жан жары - Жазира Алматы қаласының № 86 гимназиясында кітапханашы болып қызмет атқарады және Толғанай, Айсұлу атты қыздары мен Жандос есімді ұл тәрбиелеп отырған білікті азамат.

Еңбегімен еленген, халық мойындап, шынайы бағасын алған еліміздің ойшыл азаматы ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Философия және саясаттану институтының «Құрмет грамотасымен» (2011), Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығының «Алғыс хатымен» (2012) «Қазақ ұлттық университетіне 80 жылдығы» (2015) медалімен, ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Философия және саясаттану институтының «Құрмет грамотасымен» т.б. (2014) арнайы марапатталады.

Міне, осындай өмір салтында қарапайымдылықты ұстанған, өзіндік философиясында терең ойлылық пен тіршіліктің мәнін терең түйсінген рухани тұлғалар неғұрлым көп болған сайын ұлт мәртебесінің асқақтайтындығы айдан анық. Бұл-Мәңгілік Ел идеясының Мәңгілігінің Рухани жаршысы деп білеміз.

Л. АСҚАР,

ҚазҰУ-дың философия кафедрасының доценті;

Б. АТАШ,

ҚазМемҚызПУ қоғамдық гуманитарлық пәндер кафедрасының профессоры

ЗАҢ ТАЛАПТАРЫ талқыланды

**ҚазҰУ-да «Рухани жаңғыру»
бағдарламасы аясында
«Дактилоскопиялық және
геномдық тіркеу туралы»
Қазақстан Республикасының
заңы талқыға салынды.**



Шараға ҚазҰУ-дың заң факультеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті және М.Әуезоватындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің заң және халықаралық қатынастар факультетінің оқытушылары мен студенттері қатысты.

Шараның негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының заңнамаларын дамытуда жастардың өз үлестерін қосу арқылы жас ғалымдардың білімдерін біріктіру мен жетілдіруге арналған.

Семинарда сөз алған қылмыстық құқық, қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының студенті Жұлдыз Мухаметжанова «Қазақстан Республикасының президенті Н. Ә. Назарбаевтың былтырғы Жолдауының ең маңызды бөлімінің бірі: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы болды. Аталған бағдарламаның негізінде ҚазҰУ-дың «Сарапшы-эксперт» ғылыми-студенттік үйірмесі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің заң және халықаралық қатынастар факультетінің қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының студенттері арасындағы өткен ойлайн-семинар жастарға емін-еркін пікір алмасуға мүмкіндік берді»,— деді Жұлдыз Мухаметжанова.

Семинарда студенттер дактилоскопиялық тіркеу туралы заңның қолданылуындағы халықаралық тәжірибе, Қазақстандағы дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді техникалық және ақпараттық қамтамасыз ету мен «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасын жан-жақты жетілдіру мәселелерін кеңінен талқыға салды. Шара аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультетінің аға оқытушысы Батырхан Шопабасев келесі онлайн-семинарды портреттік сот сараптамасы тақырыбында өткізуді ұсынса, қатысушылар онлайн-семинар ұйымдастырушыларына шексіз алғыс білдіріп, келешекте осындай шараларға қатысуға дайын екендіктерін жеткізді.

Сұлушаш ДАУБАСОВА,

қылмыстық құқық, қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қолдауымен филология және әлем тілдері факультетіне қарасты Жамбыл атындағы қазақ фольклоры мен әдебиетін зерттеу орталығы, қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасы Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс студенттері Алматы облысындағы мәдени орталықтарға саяхат жасады.

Рухани байлықты арттыру өскелең ұрпаққа өткеннен ұлағат алуын, тарихымызды, ел данқын асқақтатқан тұлғалардың ерен еңбектерін насихаттау барысында ұйымдастырылған саяхаттың алғашқы нүктесі Жамбыл ауданы, Жамбыл ауылында орналасқан Жамбыл Жабаев мұражайы болды. Ғасыр куәсі болған акынның 1938-1946 жылдар аралығында тұрған үйі бүгінде мұражайға айналған. Он екі бөлмеден және 1996 жылы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев арнайы салдыртқан конференц залы бар. Жыр алыбының көзі тірісінде тұтынған заттары, үкілі домбырасы, жатын орны, кітап сөресі, тіпті жүрек қағысымен бірге тоқтаған сағаты да сол қалпында сақталған. Мәскеуге киіп барған сәлді шапандары, қазіргі күні де қолдануға жарамды. Заманында 6 адам ғана иеленген Н-1 маркалы көлігі мұражай сәнін келтіріп қана қоймай, абыз тұлғаның мәртебесін биіктете түседі. Пернегүл Абдуллаева мен Абразак Әменов есімді шеберлердің қолынан шыққан акын Жамбыл мен күйші Динаның балауыз мүсіндері көздің жауын алады. Аулада Жамбыл атаның көзі тірісінде өсірілген алма, алмұрт ағаштары бар. Хош иісті гүлдермен көмкерілген сыртқы көрініс бірден адамды өзіне тартары анық. Алма бақ ортасында акын жерленген кесене бар. Оның сол жақ босағасында акынның киесі — қызыл шұбар жолбарыс мүсіні орналасқан. Киесі деуге бірден-бір себеп, акын жас кезінде Сарыбай есімді бидің алдынан өтеді. Жас балаға батасын беріп, өзіне дос болған киелі жолбарысын сыйға тартады. Ол жолбарыс тек Жамбыл Жабаевтың өзіне ғана көрінетін болған-мыс. Дүниеден өтер

Тарихи орындарға саяхат



шағында акын туыстарын шақырып алып, жолбарысы өзін тастап кеткенін, өзінің де өлім уақыты таяғанын ескертеді. Аңызға арқау болған жолбарыс, кесенеге мәнділігімен қатар өзінше сәнін беріп тұр. Кесенеден оңға қарай композитор, дирижер Нұрғиса Тілендиевтің денесі жерленген. Кішкентайынан ғасыр тұлғаны көріп өскен Нұрғиса Тілендиев дәм-тұзы таусылар шақта, елбасыға Жамбыл акынның жанына жерлеуді өтінеді. Бірі інді, бірі жырды сүйген қос алыптын тұлғалық бейнесін қалыптастырған халықтың мандай бағы бес елі екендігін студент-жастар ұғына білді.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Атамекен» тарихи-мәдени орталығы әдебиетшілер табан тіреген келесі саяхат орны болды. Сыртқы көрінісінің өзі көз сүйсінтерлік орталық 4 залдан тұрады. Бірінші зал — Елбасының туып өскен жері, отбасы туралы. Екінші зал — ТМД елдері және өзге де мемлекеттермен, олардың президенттерімен байланысы, қарым-қатынасы жайында. Үшінші зал — Қазақ мемлекетінің тәуелсіздік алуы, ұйымдарға мүше болуын қамтыса, төртінші, соңғы зал — Тәуелсіз Қазақстанның жеткен

жетістіктері туралы баяндайды. Бұл орталыққа келген жандардың назарын аудартқан — Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың портреті. Портрет тұтас көзілдіріктен жасалған, жақындап қарағанда Қазақ халқының тағында отырып, елдерді бірлікке шақыра отырып билеген хандардың суреттері бейнеленген. Көзілдіріктер көрегенділік мағынасын нұсқаған суреттің авторы — Дэвид Датуно. Студенттердің қызығушылығын білдірген тағы бір дүние — көшбасшымыздың 2001 жылдары пайдаланған қызметтік көлігі. Ол жәдігер ретінде осы орталықта сақталған.

Ішкі дүниенің байлығын молайтуды мақсат тұтқан студенттер мен топ жетекшілері бір күндерін тарих терезесінен қарауға арнады. Тағылымы мол саяхаттың уақытпен жарысқан жастардың көңілінен ерекше орын алғаны анық. Өткенінді білмесең, болашаққа беттей алмайсың. Ендеше, сіз де келешегіңізге тарихыңыз арқылы беттеңіз!

Арайлым СЕРІКОВА,

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2 курс студенті

Алматыдағы кинотеатрлар тарихы

Ағымдағы жылы ҚазҰУ-да мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде «U 38» Университеттер Альянсы өлкетанушы-этнографтар клубының бастамасымен «Алматы қаласы жайлы 100 қызықты дерек» атты жоба бастау алған болатын. Жоба аясында Алматы қаласының тарихы мен мәдени өміріне байланысты қызықты деректер қарастырылған. Солардың бірі Алматы қаласындағы және жалпы Қазақстан бойынша алғашқы кинотеатрларға шолу жасау туған өлкенің тарихи мұрасын дамытуға септігін тигізді.

Синематограф Алматыда ХХ ғасырдың басынан бастап ене бастады. Ең алғашқы кино көрсетілім 1910 жылдың 22 маусымында Колпаковский атындағы даңғылдың қазіргі Достық даңғылы бойындағы «Марс» кинотеатрында өтті. Алғашқы тұрақты жұмыс істейтін кинотеатр 1911 жылы жер сілкінісінен кейін пайда болды. Ол қазіргі Гоголь мен Пушкин көшелерінің қиылысында орналасқан Абдулла Сейфулин деген кәсіпкер ашқан «ХХ ғасыр электротатеатры». Кинотеатр ғимаратының ерекшелігі Мәскеу мен Петербург қалаларындағы осындай мәдениет орындарының пішіндерінен кем болған жоқ. Кинотеатрдың тіпті ағылшындық «Петтер» жүйесіндегі жеке электростанциясы болды. Көрсетілімге арналған залдарында бірнеше ондаған адамдық орнымен қатар, кіре берісінде музыкалық автомат та жайғасқан. Осы уақыттағы қала тұрғындары «Сонька — золотая ручка», «Титаник или перед лицом смерти» фильмдерін, «Макс Линдер» атты шытырман оқиғалы таспаларды тамашалай алды. Әсіресе әлемде болып жатқан оқиғалар жайлы кинохроникалар көрермендер арасында ерекше танымал болды.



Кенес өкіметі орнағаннан бастап кинотеатрлар жаңаша дамыды. 1927 жылы кинотеатрлар саны үшке жетіп, киноқұрылғылар Алматының мәдениет үйлері мен ірі ұйымдарында пайда бола бастады. Өнердің бұл түріне қызығушылар саны артып, қазіргі музыкалық аспаптар музейі болып тұрған бұрынғы офицерлер үйінде де «Қызыл жұлдыз» деген кинотеатр ашылды. 1930 жылдары ескі София шіркеуінің ғимаратынан ашылған «Ударник» кинотеатры ұзақ жылдар бойы халыққа қызмет етті. Бұл орын өрт салдарынан жабылып, жақын жерден «Экран» деген жаңа кинозал ашылды. Қазіргі уақытта «Ударник» кинотеатрының орнында София шіркеуі орналасқан.

«Алатау» кинотеатры 1920 жылдардың аяғында Калинин мен Коммунист (Қабанбай батыр мен Абылайхан) көшелерінің қиылысынан ашылып, көрермендерді латын әрпінде жазылған маңдайшамен қарсы алды. Кинотеатр тез арада қаладағы негізгі кино орталықтарының біріне айналды. «Петр первый» секілді танымал кино туындылардың

тұсаукесері кезінде ғимарат алдын үлкен желкенге салынған киноафишалармен безендірген болатын. Бұл үдеріс 2000 жылға дейін орын алды.

1930 жылдардан бастап парктер мен демалыс орындарында жазғы кино алаңдары кең етек жайды. Осындай орындардың бірі 1937 жылы ашылған «Родина» алаңы 1957 жылы 712 орындық үлкен экранды толыққанды кинотеатрға айналды.

1950 жылдары Алматы қаласында кинотеатрлардың құрылысы көбейіп, 1980 жылдарда кинотеатрлардың көп бөлігі стереодауыстық жүйемен жұмыс істей бастады. 1990 жылдардан бастап кейбір кинотеатрлар қайта жөндеуден өтіп қазіргі уақытқа дейін көрермендерін қуанытып келеді. Сонымен бүгінде Алматы қаласында 18, ал жалпы Қазақстан бойынша 70-ке жуық кинотеатр тұрақты түрде жұмыс істейді.

С. САПАТАЕВ,

Археология, этнология және музология кафедрасының аға оқытушысы

Қазан айының екінші жұлдызында «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының кеңейтілген жиналысы өтті. Кеңейтілген жиналысқа кәсіподақ көшбасшылары, куратор-эдвайзерлер, кәсіподақ мүшелері қатысты. Жиналысқа қатысушы студенттердің басым бөлігін бірінші курс студенттері құрады.

«Біздің басты мақсатымыз — әлеуметтік қауіпсіздік және азаматтарымыздың бақуаттығы. Бұл — қоғамдағы тұрақтылықтың ең жақсы кепілі», — деп Н.Ә. Назарбаев сөзімен жиналысты ашқан жоба модераторы Бакдәулет Нуриддин кеңейтілген жиналысқа қатысушы ҚазҰУ студенттерін кәсіподақ ұйымының негізгі мақсаттарымен таныстырып өтті. Бүгінгі таңда кәсіподақ ұйымы өз мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен қызығушылықтарын ҚР заңмен белгіленген тәртіпте таныстыру және қорғау, жағдайларын жақсарту, денсаулық және еңбек құқығын қорғау мақсаты негізінде жұмыс жасап келеді. 1999 жылдан бері атқарушы билік органдарымен, жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдарымен, университет әкімшілігімен, саяси партиялармен және басқа да қоғамдық бірлестіктермен өзара қарым-қатынаста, әлеуметтік серіктестік негізінде құрылған «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағы «Әлеуметтік серіктестік» бағдарламасы аясында университет әкімшілігімен, студенттік ұйымдармен белсенді жұмыс нәтижесін көрсетуі кәсіподақ дамуының университеттегі даңғыл жолын айқындайды. Кеңейтілген жиналыста сөз тізгіндеген кәсіподақ төрағасы Шұғыла Мейрамбекқызы 2017-2018 оқу жылында атқарылған жұмыстарға есеп беріп, алдағы ағымда атқарылатын кәсіподақ жоспарларымен таныстырып өтті. Кәсіподақ 2017-2018 жылында 4721 ҚазҰУ

Студенттер ЖАНАШЫРЫ



студентін «Оңай» студенттік көлік картасымен қамтамасыз етіп, 3439 студентке әлеуметтік көмек көрсеткен. Өз сөзінде кәсіподақ төрағасы Шұғыла Мейрамбекқызы «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының ұсынуымен көрсетілетін жеңілдіктерді студенттерге толықтай түсіндіріп, жекелеген пункттерге тоқталды. Мәселен:

- Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім студенттерге ай сайын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлеуметтік көмек көрсетіп, жылына бір рет киіммен қамтамасыз етеді;
- Денсаулығы нашар, әлеуметтік жағдайы төмен немесе көп балалы отбасынан шыққан студенттерге «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының тарапынан семестріне бір рет әлеуметтік көмек көрсетеді;
- «Сұңқар» студенттер мен магистранттар

кәсіподағының ұсынуымен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім студенттер жатақханада тегін тұрады;

- Студенттер емханасының тізімінде тұрған гастрит немесе кант диабетімен ауыратын студенттерге және ОПП құрамындағы студенттерге диеталық тамақтануға тегін талондар бөледі;
- Әлеуметтік серіктестік. Университеттік және факультеттік деңгейдегі іс-шараларды атқаруға қаржылай көмек көрсетеді;
- Ыстықкөл ҚазҰУ пансионатына «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағы ҚазҰУ-дың белсенділерін, оқу озаттарын және әлеуметтік әлжуаз топтағы студенттерді қолдап, жазғы демалыстарының есте қаларлықтай қызықты өтуі үшін 100% жеңілдікпен жолдама береді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы және ҚазҰУ ректоры Ғ.Мұтанұлының тікелей бастамасымен жүзеге асырылып келе жатқан «Айналанды нұрландыр», «Саламатты дене мәдениеті», «Smart city», «Green campus» және «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобаларының аясында кәсіподақтың жұмыс жасайтындығы айтылды. Сонымен қатар, халықаралық, республикалық және университеттік деңгейде әлеуметтік маңызы бар жобалар: Халықаралық форум «Ұрпақтар сабақтастығы арқылы Жасыл көпір» («Зеленый мост через поколения»), Республикалық патриоттық фестиваль «Мен жастарға сенемін!», «Ең үздік студенттік топ», «Сұңқар кубогы» КВН, сонымен қатар, Саламатты дене мәдениеті» жобасының аясында «Сұңқар кубогі» атты мини-футболдан жарыс және қыздар арасында «Сұңқар кубогі» волейболдан турнир ұйымдастырылып, студенттер игілігі үшін атқарылуы студенттер ықыласынан қолдау табады және оларға үлкен мүмкіншілік туғызады. Жиналыс барысында «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының төраға орынбасары Әсет Қалдыбайұлы мотивациялық тренинг ұйымдастырып, студенттердің өз мүмкіндіктерін нәтижелі пайдаланулары үшін батыл болуға, еңбектенуге, ілім ізденуге шақырды. «ҚазҰУ-ымен мақтанатын, биік шыңда бапталатын — Сұңқармыз», — деп әсем әнді әуелеткен кәсіподақ мүшелері жиналыстан жалынды жігерге толы ізгі арман құшағында аттанды. Тарихы кенен, келешегі кемел елдің студент жастары ҚазҰУ-дың, өз елі дамуының даңғыл жолында аянып қалмайтындықтары сөзсіз.

Нұрсәуле ИДАЯТ,
*биология және биотехнология
факультетінің 3-курс студенті*

Студенттердің сапалы білім алуына олардың бүгінгі күннің талаптарына сай жайлы тұрмыс жағдайында тұрудың да өзіндік үлесі бар. Алыс аудандардан білім алуға келіп, арманға құлаш ұрған қыз-жігіттердің бірден-бір ат басын тіреп, тұрақ тебер орны – жатақхана. Біле-білгенге студенттердің бұл да өз үйі десе де болғандай.

Университетімізде 11 студенттер үйі бар. Онда 3800-ге жуық студенттер мен магистранттар, докторанттар орналасқан. Студенттер үйінің әрқайсысында- материалдық база жеткілікті. Санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкес кітапхана филиалдары, демалыс бөлмелері, асхана, сақтау камералары, ас әзірлейтін және жуынып-шайынатын орындар, өз бетімен сабаққа дайындалатын бөлмелер бар. Онда қажетті жиһаздар мен жабдықтар жеткілікті.

Студенттер қалашығындағы тәртіп пен тазалықты студенттер кеңесі бақылайды. Әр қабатта, әр бөлмеде жауапты адам сайланып, ол әр бөлменің және ондағы мүліктің таза әрі ұқыпты ұсталуын талап етеді. Жатақхана жұмысының талапқа сай жұмыс істеуін университет әкімшілігі, кешен және жастар ісі жөніндегі комитет, кәсіподақ ұйымы, студенттер қалашығының басшылығы қамқорлық жасап отырады. Жатақхана тазалығы жөнінде тұрмыстық жағдайды жақсарту жайында тұрғындардың талап-тілектерін ескерусіз қалдырған кезі жоқ. Отбасылы және тұрмыстық жағдайы төмен студенттерге де кейбір жеңілдіктер жасалып, жеке бөлмелер берілген.

Жатақхана – өз үйіміз



Студенттер үйінде мәдени шаралар студенттер кеңесі мен кешен жетекшісі бекіткен жоспар бойынша жиі өткізіліп тұрады. Жастар арасында белгілі тақырыптарға байланысты пікірталастар мен қоғам қайраткерлерімен кездесулер ұйымдастырып тұру дәстүрге айналған. Ол студенттердің ой-өрісін дамытуға, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, халық дәстүрін, әдет-ғұрыптарын үйретуге әсер етеді. Сондай-ақ көркемөнерпаздық және техникалық шығармашылық үйірмелер,

спорттық және туристік секциялар, әуесқойлар бірлестігі мен мүдделестер клубтары және байқаулар өткізіліп тұрады. Білім алуға қолайлы жағдай туғызған, сырлас дос тауып берген жайлы қоныс студенттер үйін көздің қарашығындай таза ұстау әрбір студенттің парызы.

Азамат НАЙМАНБАЕВ,
*№ 9 Студенттер үйі
студенттері кеңесінің төрағасы*

**«СЕНБІЛІК –
ТАЗАЛЫҚ КЕПІЛІ»**

Заң факультетінің 1-курс студенттері «Green Campus» жобасы аясында «Сенбілік – тазалық кепілі» атты тақырыпта З. Шашкина мен И. Байзақов көшелері қиылысы аралығында К. Темирязов көшесі бойында сенбілік өткізді.

Сенбіліктің қоғамның назарын қала көшелерінің тазалығын сақтауға аударып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруда маңызы зор.

Шара көтеріңкі көңіл-күймен басталды, оған қатысушылар сенбіліктің маңыздылығын жақсы түсініп, белсенді жұмыс істеді.

Сөйтіп, білім ордасының ұжымы бір үйдің баласындай біріге жұмылып, әсем қаламыз-Алматыны абаттандыру ісіне өз үлестерін қоса білді. Қала тазалығын сақтау әрбіріміздің азаматтық борышымыз саналады.

Студент жастар да - қоғамдағы тазалық мәселесіне бей-жай қарамайды. Көшелердің таза боулына аз да болса үлес қосу, өз денсаулығымызға да жасалып жатқан жақсылық деп түсінер едім. Біз барлығымыз бір ауамен тыныстаймыз. Сондықтан көшелерде, қоғамдық орындарда тазалықты сақтап, сенбіліктерге шығып тұру барлығымыз үшін де пайдалы.

Алтай АЙБОЛ,
заң факультетінің 1-курс студенті



Журналистика саласында Темірбек Қожакеевті есімі ерекше аталады. Себебі, қазақ сатирасының тарихы мен оның жанрлық-көркемдік ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда зерттеп айналымға енгізген ғалым, ұстаз, қайраткер.

Оның «Қазақ сатирасы», «Абай - сатирик», «Қазақ совет сатириктері», «Сатира және дәуір», «Бүгінгі қазақ сатирасының проблемалары», «Адам. Қоғам. Сатира», «Сатиралық жанрлар», «Сатира — күштілер қаруы», «Сатира негіздері» т.б. еңбектері қазақ сатирасының даму жолын айшықтап берді. Сондай-ақ, қазақ әдебиеті саласында жазған «Абай және Сұлтанмахмұт», «Қазақ мысалы», «Әлемнің Әуезові» секілді зерттеулері мен қуғын-сүргінге ұшыраған мемлекетіміздің қайраткерлері мен жазушы, журналистері туралы да еңбектері ұшан теңіз.

Ғалым аға, казактың кара шанырағы саналатын - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультетін 20 жылдан аса уақыт басқырып, темірдей тәртіп

Ұрпақ ұлт тұлғасын ұмытпайды

орнатқан болатын. Белгілі сатирик жазушы Ғаббас Қабышұлының «Темірбек Қожакеевті сатыпта ала алмайсың, атып та ала алмайсың», - деп жазуы көп нәрсені аңғарса керек. Ғалым, қарымды публицист, шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаздың жолы осы күні ұрпақ жалғастығын табуда.

Олай деуге себеп, республикамыздың оңтүстік-шығысында Алатаудың бөктерінде орналасқан Меркі жеріндегі, Тоқаш Бокин көшесінде орналасқан №39 мектеп-гимназиясы 2015 жылдан бастап, Темірбек Қожакеев атымен аталады. Мектеп ауласында назарды өзіне еріксіз аударатын ағамыздың ескерткіші мен мұңдалап тұр. Мектепте Т.Қожакеев әдебиет мұражайы да жұмыс жасайды. 2016 жылы аталмыш мектепте «Қожакеевтанушылар» әдебиет-танымдық клубы өз жұмысын бастаған. Содан бері клуб құрамы жас ерекшеліктері әртүрлі дарынды оқушылармен жұмыс жасап келеді.

Сонымен қатар 2017-2018 оқу жылында оқу жоспарының вариативті бөлігінен 7-10 сынып оқушылары үшін ұлы ұстаздың өмірі мен шығармашылығын шәкірттерге терең ұғындыру мақсатында «Қожакеевтану» үйірмесі ұйымдастырылды. «Қожакеевтанушылар» әдебиет-танымдық клубы мен «Қожакеевтану» үйірмесінің жұмысы барысында мұражай материалдары толығымен пайдаланылады.

Күні кеше ғана, ҚазҰУ-лық оқытушылар Т.Қожакеев атымен аталатын №39 мектептің



оқушыларымен жүздесіп, журналистикаға жақын балаларды әңгімеге тартты. Қожакеев туған ауылдан келген мектеп оқушылары ҚазҰУ кампусымен танысты. Дарынды оқушылар шақырылған кәсіби бағдар беру жұмысы журналистика факультетіндегі №230 Т.Қожакеев атындағы Акт залында жалғасты. Онда журналистика факультеті деканы С.Медеубекұлы мен Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының меңгерушісі Г.Сұлтанбаева және факультетіміздің оқытушы-профессорлар құрамы шеберлік дәрісін оқыды.

Темірбек Қожакеев-қайталанбас тұлға. Ол казак журналистерінің мақтанышы, үлгі тұтары. Сондықтан бірегей тұлғаның туған жерінен білім алып жатқан оқушылардан, болашақта да ағаларындай мықты азамат шығарына бек сенімдіміз!

Алма ҚҰРМАНБАЕВА,

Баспасөз және электронды БАҚ

кафедрасының доценті;

Гүлнұр ОТАРБАЕВА,

№39 ЖББМГ оқушыларының жетекшісі

Өрт жағдайы, жарақат алу және адам өлімі көбінесе тұрғын үй секторында орын алады. Үй иелерінің салғырттығы, жауапсыздығы өрт шығу қауіпіне себеп болады. Әр уақытта, электроқұралдарды қараусыз қалдырмаған жөн. Өйткені өрттің бір үйден, екінші үйге ауып кету қаупі жоғары.

Өрт жағдайы, жарақат алу және адам өлімі көбінесе тұрғын үй секторында орын алады. Үй иелерінің салғырттығы, жауапсыздығы өрт шығу қауіпіне себеп болады. Әр уақытта, электроқұралдарды қараусыз қалдырмаған жөн. Өйткені өрттің бір үйден, екінші үйге ауып кету қаупі жоғары.

Өрттің шығу себептері әртүрлі. Мәселен, пештің, үтіктің, теледидардың ақаулары, отты абайсыз қолдануы. Статистика бойынша ұйқыға жатарда төсекте шылым шегушілер өрт шығудың себепшісі болудан бірінші орын алады. Кейбір адамдар осыны біле тұра сақтық жасамайды.

Өрттің пайда болуына электр жабдықтарын қараусыз қалтыру, отты дұрыс пайдаланбау, мас күйінде шылым шегу болып табылады. Сондықтан азаматтарға өрт қауіпсіздігінің ережелерін орындамаса, салғырттық жасаса қайғылы жағдайға, материалдық шығынға апарып соғатыны туралы ойлануын ескертеміз.

Осыған орай, Алмалы аудандық төтенше жағдайлар бөлімі тағы да өрттің өте қатерлі апат екенін, көбінесе оның құрбаны адамдар

Ұдайы сақ болған жөн



болатынын атап айтады. Өрт - өте қатерлі қауіп! Сондықтан қауіпсіздік ережелерін сақтап, өз және өзгенің өмірі үшін қауіп төндірмеңіз.

Отты пайдаланғанда өрт қауіпсіздігі ережелерін бұлжытпай орындауды ұмытпаңыздар!

Балаларды қараусыз қалдырмаңыздар, электрөткізгіш сымдарды уақытында ақауларын жөндеп тұрыңыз! Тұрмыстық электрқұралдарды қолданғанда қауіпсіздік

ережелерін орындап отырыңыз!

Ұмытпаңыздар - өртті сөндіргеннен гөрі, өрттің алдын ала ескертуі оңай!

Д. ЖҮСІПОВ,

Алматы қаласы ТЖД Алмалы ТЖБ

бас маманы азаматтық қорғау капитаны;

Н. ЕЛЕБЕКОВ,

Алмалы аудандық ТЖБ аға инженері

азаматтық қорғау аға лейтенанты


ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

Есте сақтау қабілетін жақсарту жолы анықталды

Есте сақтау қабілетіне жауапты ми бөліктерінің байланысын жақсарту үшін физикалық жаттығулар жасау жеткілікті. Бұл туралы Калифорния университеті мен Жапониядағы Цукуба университетінің ғалымдар тобы мәлімдеді.

Олардың жүргізген зерттеуі «Proceedings of The National Academy of Sciences» журналында жарияланған. Нейробиологтар томографтың көмегімен физикалық жаттығулармен шұғылданатын адамдардың ми белсенділігіне сараптама жүргізген. Нәтижесінде олардың есте сақтау қабілеті айтарлықтай жақсы жұмыс істейтінін аңғарған. - Біз жаңа жасушалардың пайда болатынын жокқа шығармаймыз. Ол белгілі бір процесс, оған уақыт керек. Бірақ 10 минуттық жаттығулардың өзі есте сақтау қабілетінің жақсаруына жеткілікті екені байқалды, - дейді ғалымдардың бірі.

Tengrinews.kz



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактордың міндетін атқарушы: **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**

Тілшілер: **Айнур АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА,**

Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА

Фототілші: **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**

Корректор: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШҮРИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:

kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында
басылды.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана

Тапсырыс: №1350

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.